

Ф. Хекимоглу

ТҮРІКШІЛДІК ИДЕЯСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ ЮСУФ АҚЧУРА

Түркияда түрікшілдіктің жүйелі халге келуінде зор еңбек сіңірген зиялы тұлға және татар түркі тегінен шыққан Юсуф Ақчура – Еділ өзені бойындағы Симбир қаласында 1876 жылы дүниеге келген. 1883 жылы 7 жасында Стамбулға келіп, бастауыш сыныпты бастайды. 1887 жылы «Аскери Руштиеде» (орта мектеп) оқуын жалғастырған Юсуф Ақчура, 1893 жылы «Кулели Аскери Идадиге» (лицей) және ақыр аяғында «Әскери мектепке» тапсырады /1/. Ақчура саналы түрікшілдікті Әскери мектеп қабырғасында бастайды. Ол кезеңдер, грек соғысынан бұрынғы кезде, Неджип Асым Бей, Велед Челеби және Бурсалық Тахир Бей сынды көзі ашық тұлғалардың түрікшілдікке қатысты мақалалары жариялануда, Исмаил Бей Гаспыралы тарапынан жарыққа шығатын «Тержүман» газетінің кейбір сандары Стамбулға келуде еді. Юсуф Ақчура осы жазбалар мен басылымдардан әсерленеді /2/. Әскери мектептен кейін Париж Еркін Саяси Ғылымдар институтында білім алады да ол жерді 1903 жылы «*Essai sur l'histoire Institutiones de l'Empire Ottomans*» (қазақша ауд. – «Османлы патшалығы мекемелері тарихына байланысты тәжірибе») атты диссертация қорғап тәмамдайды. Ақчура шығарманың кіріспесінде Османлы патшалығы құрылуының негізгі қайнар көзі болған түрік және ислам құқығы мен ұйымдарына байланысты жалпы мағлұматтар бергеннен кейін, негізгі мәтінде «Ескі режим» және «Жаңа режим» деп екіге бөлген Османлы мекемелері тарихының маңызды оқиғаларын жинақтауға, осы мекемелерді бір-бірінен ерекшелейтін қасиеттерді байқағанынша анықтауға және дәлелдеуге тырысады. Соңында болса, Османлы Империясының ыдырап тарауының алдын алу үшін бар болған мекемелерді қандай бағытта

өзгертудің тиімді болатынына байланысты, жеке көзқарасы мен пікірлерін ортаға салады /2, 127/. Юсуф Ақчура Парижде білімін тәмамдаған соң, Османлы мемлекеті шекаралары өзі үшін жабық болғандықтан Ресейге туыстарына барып біраз уақыт сол жақта болады. Сол кезде Каирде жарияланып жүрген «Түрік» газетіне «Үш тәсілді саясат» деп аталған мақаласын жолдады. Мақала, газеттің 24-34 нөмірлі нұсқаларында 1904 жылдың мамыр, маусым айларында басылып шықты. Юсуф Ақчура өзі үшін ең маңызды шығарма саналатын бірнеше бағанадан тұратын мақала арқылы алғаш рет саяси салада түрікшілдік мәселесін барынша ашық баяндай отырып, тақырыпқа арқау еткен. «Үш тәсілді саясат», яғни османлышылдық, исламшылдық және түрікшілдік ашық түрде дәлелденіп баяндалады. Мақала былайша бастау алады:

«Османлы мемлекетінде Батысты пайдаланып күш жинау және ілгерілеу ықыласы оянғалы, белгілі басты үш саяси тәсіл ойша жобаланып бақыланды деп ойлаймын: Біріншісі, Османлы үкіметіне тәуелді түрлі ұлттарды өкілдендіре отырып және біріктіріп Османлы ұлтын қалыптастыру; Екіншісі, Османлы мемлекеті патшасында халифат хақының пайдаланып, барлық мұсылмандарды әңгімеге арқау мемлекет билігі астында саяси тұрғыдан біріктіру; Үшіншісі, тек жөніне негізделген саяси тұрғыдан түрік ұлтын қалыптастыру» /3/.

«Тек жөніне байланысты түрік саяси ұлтын қалыптастыру пікірі, тіптен жаңа. Керек десе бүгінге дейін Османлы мемлекетінде, тіпті, келіп-кеткен басқа да түрік халықтарының ешбірінде мұндай пікір болған деп ойламаймын. Сөз жоқ, соңғы кездерде Стамбулда «Түрік ұлты»

калыптасуын қалайтын құрам, саяси болудан гөрі ғылыми құрам қалыптастырды. Шемседдин Сами «Түрікше өлендердің» құрметті жазушысы, Неджип Асым, Велед Челеби және Хасан Тахсин осы құрамның көзге түсер мүшелері болып, «Иқдам» белгілі бір дәрежеде осы пікірлердің алқабына айналды /2, 131/.

Мақалада Османлы ұлтын қалыптастыруға байланысты мыналар жазылған: «Османлы ұлтын жарату саясаты шынайы түрде алғаш рет II Махмут кезеңінде пайда болады. Бұл патша, отандастары арасындағы дін өзгешеліктерін тек қана, мешіт, шіркеу немесе синагогаға (иуда шіркеуі) барған кездерінде көруді қалайтынын білдірген. Сол жылдары Еуропада француз төңкерісінің әсерінен ұлт түсінігі тұқым мен текке емес, ар-ождан қалауына байланысты еді. Осының да әсерінен II Махмут және оны бақылаушылар, теңдік, бауырлық және еркіндік қағидаларына сүйенген Османлы ұлтын жарататындықтарына сенген еді. Мақалада, Османлы ұлтын қалыптастыру мақсатында жасалған тәжірибелер, осыған қарсы шыққан ішкі және сыртқы бөгеттер, айналаға баяндалған соң, «Осы себептен менің ойымша, бұдан былай османлы ұлтын жарыққа әкелу бос әурешілік» - делінген /2, 22-23/.

Османлы ұлтын жарыққа әкелу пікірін осылайша ортаға тасталған соң, мақала Ислам Бірлігі мен Түрік Бірлігі пікірлерінің тартысына қарай ауытқиды және жазушының осы екі саясаттан біреуін таңдауда дұрыс шешім қабылдай алмағаны байқалады. Сонымен қатар, Ислам Бірлігі туралы сөз қозғағанда, «Ислам Бірлігі саясатының қолданылуында ішкі бөгеттер, эзер-эзер қарсы тұра алатын жағдайда; бірақ, сыртқы бөгеттер өте қуатты еді. Османлы мемлекетінің шынайы түрде Ислам Бірлігі саясатын қолдануға кірісуінде христиан елдері мүмкін ұтымды бөгет болар еді» - дей келе, ислам саясатын қолдану өте күмәнді екенін айқындайды. Осы сараптама нәтижесінде османлышылдықтың жүзеге асырылуы мүмкін еместігіне шешім шығарылады, исламшылдық пен түрікшілдік арасында онша таңдау жасамаған сияқты көрінеді,

әсіресе, сыртқы бөгеттерді алға тартып, бұл саясатты қолдана білу мүмкіндігінің аз екендігін айтады /7/. Османлы мемлекетінде Ислам Бірлігі пікірін алғашқы жақтаушылардың бірі – II Абдульхамит еді. Бұл пікір ұстанымы бойынша азаттыққа тек қана мұсылман халықтарының бірлігі арқылы қол жеткізуге болатын еді. Біріккен христиандықтарға қарсы 250 миллион мұсылман шығарылатын еді /3/. Ислам бірлігі пікірі арқылы түріктер, бүкіл мұсылман халықтарының көшбасшысы болар еді. Осылайша, лаз, күрт, Ирак және Йемен арабтары түрік патшалығына зорлықпен емес, шын көңілдерімен қосылар еді. Алайда, бұл үміт те күдер үзушілікпен аяқталды. Албанияда бүлік шықты. Оның артынан түрік әскерлері йемендік мұсылмандармен соғысуға мәжбүр болды. Бұдан басқа, арабтар, парсылар, албандар өз мемлекеттерінен шықпағандықтан мүлде басқа өмір сүруде еді. Сол жағдайда түріктер, империя территориясында шашыранды халде еді. Ислам бірлігі арқылы қалыптасатын Османлы ұлты басқа халықтарға ешқандай үрей туғызбайды, тек қана түріктердің өздеріне тән қасиеттерін жоғалту қаупі бар. Осылардан барып, Ислам бірлігі пікірінің де азаттық әпермейтіні байқалды. Осыдан кейін түріктер, Түрік ұлтшылдығын жақтап қорғауға мәжбүр болды /4/.

Юсуф Акчураның мақаласындағы «Түрік Бірлігі» саясатына келер болсақ, егер оның қалыптасуы мүмкін болған жағдайда, жазушының пікірінше көптеген тиімділіктердің бірі «Османлы еліндегі түріктердің әрі діни, әрі тектік байланыстары арқылы өте тығыз, тек қана діни тұрғыдан да тығыз» бірігуіне және негізінен түрік болмаған жағдайда белгілі бір дәрежеде түріктенген басқа мұсылман бөліктерінің көбіне түріктерге сіңісіп кетуіне және керек десе әлі де еш сіңіспеген бірақ ұлттық ар-намыстары жоқ бөлшектердің де Түріктендірілу мүмкіндігіне қызмет ету ерекшелігі. Бұған балама, Түрікшілдік саясатының Османлы елінде тұратын мұсылман бірақ түрік емес және түріктендірілуі мүмкін емес қауымдардың Османлы Мемлекетінің қол астынан

шығуы және мұсылманшылықтың түрік және түрік емес бөліктерге айыра отырып, бұдан былай Османлы мемлекетінің түрік емес мұсылмандармен шын қарым-қатынасы қалмау тәуекеліне назар аудару қажет /1, 39/.

Юсуф Акчураның пісіп-жетілген шағындағы жазған еңбектері, негізінен алып қарағанда, Османлы Империясы ішіндегі пантүрікшіл еңбектері, осы әрекетке байланысты терең іздер қалдырды. Акчура ұйым құрушыларының бірі болмаған, немесе тым құрығанда белсенді мүшелерінің бірі болмаған қандай да бір ұлтшыл ұйым жоқтың қасы еді /5/. Кітаптары, мақалалары және конференцияларында кең көлемде айқындағанындай түрік тегі мен Түрік әлемінің мүдделері үшін көрсетілген бұл ықылас Акчураның өз пантүрікшілдігі мен пантүрікші саясаттарын қалай ұқтырғанын ашық түрде алға тартатын. Оның пантүрікшілдік түсінігі мәдени (тіл, тарих, салт-дәстүр) және материалдық құндылықтар (қан және тек) қарым-қатынастары арқылы Түрік әлемін бөлінбес болмыс ретінде көруінде еді. Түрік терминімен тамыры түрік болғандар, яғни татарлар, әзірбайжандықтар, қырғыздар, якуттар және басқалары сөз етілетін /5, 68/.

Негізінен Солтүстік түрікшілдігі, Шехабеддин Мерджани және Исмаил Бей Гаспыралы сынды ұлтшылдардың және олардың шәкірттерінің қаншама жылдардан бері тіл және мәдениет саласында жалғасып келе жатқан ескертулерімен, саяси салада да ұлтшыл, түрікшіл, тіпті пантүрікшіл пікірлерінің жайылуы және ұластырылуына едәуір қолайлы жер халіне ие болды. Юсуф Акчура осы жағдайды жылдам пайдаланып, саяси салада түрік ұлтшыл пікірлерін кез-келген амалмен таратуға және осы жолда мүмкін болған ұйымдар құруға тырысты. Алдымен, көбісіне жақын туыстық байланыстармен тәуелді болып табылатын «Қазандық» бай отбасылары жастарының көзін ашумен және оларды ұйымдастырумен айналысты. Қазан жастарының көзін ашу мақсатымен, сол кезеңде «Қазанның» жаңару жолын бастап, медреселерінің бірі «Медресе-и Мухаммедие» медресесінде тарих,

жағрапия және Османлы түрік әдебиеті мұғалімі қызметін атқарды. Содан кейін Қазанда «Қазан Мухбири» (қазақша ауд. – «Қазан ақпаратшысы») атты газет шығарып, осы газеттің жазу істері төрағалығын атқарды. Ақырында, Акчура, бүкіл Солтүстік түріктерін, ұлттық саяси ұйым шеңберінде жинау мақсатында Исмаил Бей Гаспыралы, Али Мердан Топчубашы, Абдуррешид Кады Ибрахимов сынды қоғамға еңбегі сіңген қызметкерлермен бірге жұмыс жүргізіп, 1905 жылғы төңкеріс кезінде «Ресей мұсылмандары Одағы» атты үлкен саяси партияның құрылуына қызмет етті және партияның орталық басқару мүшелігі мен бас хатшылығына сайланды. «Ресей Мұсылмандары Одағы» Ресейдің өзінде, түріктердің басым көпшілігін қамтыған Солтүстік, Түркістан және Әзірбайжан түріктерінің зиялыларымен жоғары және орта деңгейдегі қала тұрғындарын және ауыл тұрғындарының көбісін, әсіресе «Ар-намыс еркіндігі» «Бүкіл Ресей халқының кісілері арасында тең құқылық» /2, 135/ және «мәдени салада ұлттық өркендеуге рұқсат беру» мақсаттары шеңберінде жиналған үлкен саяси ұйым қасиетіне ие еді. Бұл ұйым «Бірінші Думаға» сайлау өтіп жатқанда, шын іс-әрекет көрсетіп, Солтүстік түріктерінен барынша көп мөлшерде депутат сайлануына қол жеткізді. Бірақ, тура сайлау қызған сәтте Юсуф Акчураның сайлану құқығына ие емес екендігінен хабарсыз Қазан Полиция басқармасы оны тұтқынға алғызып, сайлау аяқталғанға дейін тағы да қапаста ұстады /2, 136/. Орыс құпия полиция ұйымы біраз уақыт Юсуф Акчураның жиі-жиі белең алған ұлтшыл іс-әрекеттерін бақылауда және қажет еткендерге осы тақырыпқа байланысты мәлімет беруде еді. Орыс үкіметі Акчураны Дума үшін алаң туғызатын бір адам деп қабылдап, қауіпсіздік қызметкерлеріне оның сайлануының алдын алу туралы нұсқау берді. Сайлау науқаны жалғасып жатқанда, бір түнде Акчураның үйіне тінту жасалып бірнеше құжаттарды алып кетеді. Өзі де тұтқынға алынады. Хабарлар әлі зерттелмеді деген тұжырыммен Юсуф Акчура бостандыққа шығарылмады.

Осылайша оның Думаға кіруіне тосқауыл қойылды /6/. Ақчура қапастан шыққаннан кейін де, Ресейде тұрған мерзімінде, яғни 1908 жылға дейін, түрік ұлты мақсатына бағытталған саяси және мәдени жұмыстармен үздіксіз айналысты. «Ресей Мұсылмандары Одағының» Петербурттағы өкілдер жанынан құрылған бюросына сайланады. Нижний Новгород жәрмеңкесі кезінде (19 тамыз 1906 ж.) өткізілген «Одақтың» үшінші құрылтайында бас хатшылық қызметін атқарып, осы құрылтай «Одақтың» талабына сай аяқталуы үшін аянбай тер төкті. Осы құрылтайда барлық қарарлар түрік тілінің Стамбулдықтарға тән ерекшеліктерімен қабылданғаны сияқты, Исмаил Гаспыралының Түрік ұлтшылдығы және Түрік Бірлігі турасында зор маңызға ие мына ұсынысы қабылданды.

«Жалпы алғанда, түріктердің негізі, нәсілі - бір. Уақыт пен мекен үйлеспеушілігі себебінен сөйлеу ерекшеліктеріміз бен әдет-ғұрыптарымызда өзгешеліктер орын алған. Бұл өзгешеліктер, бір-бірімізді түсінбейтін дәрежеге жеткізген. Бұдан былай мектептерімізді ортақ әдеби тілімізге қызмет ететін халге жеткізу қажет. Құрылтайдың мектеп және медресе комиссиясы тарапынан әзірленген жобасында, бастауыш мектептеріміз үшін 4 жылдық оқу жылы тағайындалған. Бұның 3 жылында қарапайым түрік халықтарының ана тілі ерекшелігімен білім беріліп, соңғы жылында жалпы түрік тілінде жазылған кітаптар оқытылуы тиіс; осының арқасында бірте-бірте түрлі сөйлеу ерекшеліктері мен диалектілер бірігер еді» /2, 137/.

Исмаил Бейдің бұл ұсынысы құрылтай тарапынан тебіреністі әрі зор қошеметпен қабылданып, бүкіл Ресейде тұратын барлық мұсылмандар үшін үлгі ретінде дайындалған «Мектеп және медреселердің жағдайын жақсарту бағдарламасына» қосылды.

1906-1907 жж. бастап, Солтүстік түріктерінің Бас ассамблеясында әзірбайжан ұлты, татар, башқұрт, қазақ, өзбек және т.б. тайпалық айырмашылықтар азайтылып, ұлттық бірлік пікіріне сүйенген шын мәніндегі «Ұлттық сана»

қалыптаса бастады деуге болады /2, 137-138/. Бүкіл Ресей мұсылмандарының үшінші құрылтайында қабылданған қарарлардың бірі төмендегідей еді:

«Түрлі мәзһабтар арасындағы айырмашылықтар маңызды емес және бұл айырмашылықтар Ресей мұсылмандарының рухани істері үшін жалпы бір мекеменің тіршілігіне діни тұрғыдан бөгет жасай алмайды.»

Бұл қарарды Шииттер мәзһабынан болып табылатын әзірбайжандық Али Мердан Топчубашы ұсынған, мүшелері арасында көптеген суннилер мен шииттер бар құрылтай болса бұл ұсынысты дауыс беру жолымен қабылдайды.

1907 жылдың сергелдені, саяси өмірге енді араласа бастаған Солтүстік түріктерін біраз үркітумен қатар, соғыс төңкеріс және егемендік кезеңдерінде тасталған дәндер құр кетпегенін байқатты. Баспасөз, шын мәніндегі шарттарға азды-көпті құлақ асып, тағы да түрік ұлтшылдығына бағытталған, конституция мен тәуелсіздіктің қайта құрылуына байланысты хабарлар жариялауды жалғастыра берді. Әсіресе, толығымен түрікшіл бағыттағы Солтүстік түрік әдебиеті қызу дами түсті /2, 138/.

Юсуф Ақчура, 1908-1914 жж. арасында Түркиядағы саяси ортадан тысқары қалып, тек қана мәдени салада әрекет еткен. Стамбулда бірнеше жоғары оқу орында-рында оқытушылық қызметін атқарды. 1912-1913 жж. арасында Дарульфунунда да (университет) дәріс береді. Түрік ұлтшылдығын өмірге енгізу мақсатымен кейбір ұйымдардың құрылуында, бар болған кейбір ұйымдардың жұмысын жандандыруда белсенділік танытты. Стамбулға келер-келмес Велед Челеби мен Неджип Асым сынды ескі жолдастарымен «Түрік бірлестігін» құрды. Бірлестікке 1911 ж. құрылған «Түрік жұрты қоғамы» мен 1912 ж. наурызында жұмысқа кіріскен «Түрік ошағы» ілесті. Бұлар да саясаттан алшақ болуға тырысқан, қоғамдық және мәдени салада жұмыстар жүргізген және бүкіл Түрік әлемімен айналысқан ұйымдар еді. Юсуф Ақчура осы ұйымдардың барлығында бірінші дәрежелі рөл ойнады. «Түрік жұрты қоғамы» шығаратын «Түрік

жұрты» журналы сол кісінің жауапкершілігімен жарық көруде еді. «Түрік ошағының» да құрушы мүшесі болған және 1914 ж. ұйымның екінші кезең төрағалығына сайланды /1, 65-66/.

1915-1916 жж. бойы түрікшілдер, әсіресе Стамбулға жер тепкен Ресей эмигранттары дипломатия және пропаганда саласында зор белсенділік танытты. Акчура осы салада маңызды рөл ойнады. 1915 ж. Стамбулда «Ресейдегі түрік-татар мұсылмандарын құқығын қорғау комитетін» немесе қысқаша «Түрік-татар Алқасын» құру жұмыстарына қатысты. Ұйым құрылымында Акчурадан басқа Хусейнзаде Али, Абдуррешид Ибрахим, Ахмет Ағаоғлу, Мукимеддин Бегжен, Челебизаде Мехмет Есат сынды кісілер орын алды. Османлы Үкіметі тарапынан ақшалай қолдауға ие болған бұл ұйым, Кавказ, Түркістан, Қырым және Қазан түріктерінің құқықтары үшін күрес жүргізеді /1, 119/. 1915 ж. бұл комитет ішінен Акчураның төрағалығымен алқа құрылып, мәселелерін таныту және қолдауға ие болу үшін Алмания, Австрия, Мажарстан және Болгарияға сапар ұйымдастырады. 1916 ж. тамызында өткен Лозанна конференциясына да өкілдер алқасын жібереді. Конференцияда татарлардың атынан сөз алған Акчура, орыстармен тең құқылық және татар ұлты үшін тіл, білім және наным еркіндігін сұрайды. 1917 ж. жазының соңында «Қызылай қоғамы» тарапынан Османлы соғыс тұтқындарының жағдайымен танысу мақсатында алқа жасақталып Дания мен Швецияға жіберілді. Осы алқа құрамында Акчурамен бірге Рауф Орбай, Супхи Бей және «Қызылай» тұтқындар бөлімінің басшысы Иззет Бей де бар еді. Акчура Ресейдегі тұтқындармен танысып, Ресейдегі барлық соғыс тұтқындарының азат етілуіне мүмкіндік беретін Большевиктер төңкерісінен кейін, «Брест-Литовск бейбіт келісіміне» қол қоюға жауапты түрік делегациясына қатысты. Содан кейін, «Қызылай қоғамы» өкілі ретінде, бірінші Петербургтағы, одан кейін Мәскеудегі аралас тұтқындар алмасу комиссиясының құрамына кіреді. (қаңтар-ақпан 1918 ж.) Ресейдегі түрік тұтқында-

рының жағдайымен танысу және олардың елге оралуын қамтамасыз ету мақсатында бір жылға жуық уақыт осы елде қалады. Осы бір жыл бойы ішкі соғыстың тура ортасында қызмет атқарды. Қызыл әскермен бірге Адмирал Колчак күштерінің жанын аямай қақтығысқан аймақтарында, Қазан және Уфада болды. Содан кейін, Алмания арқылы 1919 жылдың тамызында Стамбулға оралды /7/.

1919 ж. қазан айында түрік саяси тарихының түріктердің атына құрылған «Түрік Ұлттық партиясының» құрылымында орын алады. Досы Ахмет Фериттің жетекшілігіндегі бұл партия, Мехмет Эмин Юрдакул, Ахмет Хикмет, Мустафа Зүһту, Абдүлхак Аднан сияқты түрікшілдерді бір ортаға жинады. Партия Мустафа Кемалдың Анадолыдағы әрекетіне де біршама жақын тартатын еді. Партия ағылшындар тарапынан жабылғаннан кейін тұтқындалған Акчура біраз уақыт қапаста отырады, кейіннен 1912 ж. сәуірінде Мехмет Эмин Юрдакулмен бірге Стамбулдан кетіп, Қаратеңіз және Инеболу жолымен Анкараға келеді де Мустафа Кемалдың қозғалысына қатысады /1, 126/.

Акчура 1921 ж. Анкараға келген күннен бастап жүйенің жаңа ұлтшылдық ұғымын өзіне жақын тұтады. 1920-шы жылдарда жазған еңбектерінде, сырттан келген түріктер туралы шамамен алып қарағанда еш әңгіме қозғамайды. 1928 ж. «Түрік ошақтарының» қолдауымен дайындалған «Түрік жылы» атты еңбегі осы жағдайға бір ерекшелік қалыптастырды. Бұл жерде Ресей түрікшілдігі туралы жиі-жиі сөз етіледі, алайда кейінірек бұл жылдық жалғасын таппады. Османлы кезеңінде «Түрік ошағында» және Түрік ұлтшылдығында ықпалды есімдердің бірі – Ахмет Ағаоғлу сияқты ол да, пантүрікшіл құмарлығын бір шетке ысырып, «Мысак-ы Милли» шекарасы ішіндегі түрікшілдікке қарай бағыт алады /8/. Юсуф Акчура, сонау 1919 жылдың 16 қыркүйегінде-ақ, Стамбулда «Түрік ошағына» берген конференциясында, түрікшілдікті – демократиялық түрікшілдік пен империалист түрікшілдік деп екіге бөледі. Империалист түрікшілдіктің Еуропа националистеріне ұқсайтынын

және басқыншы екенін, осы түрдегі ұлтшылдықтың ерте ме кеш пе жойылатынын айтады және түріктердің басқыншы ұлтшылдығы қате дегенді айтады. Екінші жағынан, демократиялық түрікшілдіктің түріктер үшін талап еткен құқықтарын басқа ұлттарға да тең дәрежеде мойындайтынын баса айтып, өзінің о бастан демократиялық түрікшілдікті жақтайтынын, алған дәрістерінен өнеге ала отырып, бұл негізді бұдан да көбірек жақтайтынын нық сеніммен жеткізеді /9/.

Анкараға келгеннен кейін, оқытушылық қызметін қайта бастаған Акчура, алдымен «Еркін халық дәрістері курсында» (1911-1922 жж.), одан кейін Анкара құқық мектебінде дәріс береді. Кемалист жүйе құрылғаннан кейін Хамдуллах Супхи тарапынан қайтадан әрекетке көшкен «Түрік ошақтарында» да жұмыс істей бастады және осы қызметтерін 1931 ж. ұйымның жабылуына дейін жалғастырды. Акчура түрік ұлтшылдығының ең бірінші мәселесі ретінде, жаңа мемлекеттің этникалық және мәдени біртектілік мәселесі санайтын еді. 1925-1928 жж. арасында «Түрік ошақтарында» ең көп тартыс тудырған мәселе де осы еді. Юсуф Акчураның пікірінше, ең алдымен түрік мәдениетін нығайтып, оны кең көлемде тарату қажет. Түрік мәдениеті мен тілінің дамуы - түрік экономикасының күшеюімен байланысты еді /1, 127-129/.

1923 жылы Стамбул халық өкілі ретінде «Түркия Бүйүк Миллет Меджлиси» (қазақша ауд. – «Түркия Жоғарғы Халық Мәжілісі») мүшелігіне қабылданған Акчура, өзін толығымен заң шығару жұмыстарына арнап, «Түрік Юрду» журналындағы жұмыстарына үзіліс жасайды. 1931 жылы, кейінірек «Түрік тарихы қоғамына» айналатын «Түрік

тарихын зерттеу қоғамының» құрылуына қатысады және келесі жылы осы қоғамның төрағалық қызметіне келеді. Түрік тарихының жалпы шегінің белгіленуіне үлес қосады және 1932 ж. Анкарада алғаш рет өткізілген «Түрік тарихы құрылтайына» төрағалық етеді. Құрылтай, жаңа ұлттық тарих ұғымының алғашқы үлкен бейнесі болады. 1934 ж. дейін мәжілісте Стамбул атынан өкілдік еткен Акчура, өлімінен бір жыл бұрын Карс халық өкілдігіне сайланған еді /10/. Өмірін әрі Ресей түрікшілдігі, әрі Түркия түрікшілігі үшін қызу мәдени және идеологиялық күреске сарп еткен Юсуф Акчура, 1935 ж. жүрек талмасынан өмірден озды.

1. François Georgeon, *Türk Milliyetçiliğinin Kökenleri*, Yusuf Akçura 1876-1935, (Çeviren Alev Er), Tarih Vakfı Yayınları, İstanbul, 2005.
2. Yusuf Akçura, *Türkçülüğün Tarihi*, Kaynak Yayınları, İstanbul, 2001.
3. Yusuf Akçura, *Üç Tarz-ı Siyaset*, Türk Tarih Kurumu Yayınları, Ankara, 1976.
4. Pavrus Risal, *“Türkler Bir Ruh-ı Milli Arıyorlar I”*, Türk Yurdu, yıl 1, sayı 21, cilt 2, 23 Ağustos 1328-5 Eylül 1912.
5. Pavrus Risal, *“Türkler Bir Ruh-ı Milli Arıyorlar II”*, Türk Yurdu, yıl 1, sayı 22, cilt 2, 6 Eylül 1328- 19 Eylül 1912.
6. Jacob M. Landau, *Pantürkizm*, Sarmal Yayınevi, (Çeviren: Mesut Akın), İstanbul, 1999.
7. Adile Ayda, *Sadri Maksudi Arsal*, Kültür Bakanlığı Yayınları, Ankara, 1991.
8. Celal Metin, *“Yusuf Akçura ve I. Dünya Savaşında Rusya’daki Türk Esirler”*, Modern Türklük Araştırmaları Dergisi, Cilt, 2 Sayı, 3, Eylül 2005.
9. Nizam Önen, *İki Turan*, Macaristan ve Türkiye’de Turancılık, İletişim Yayınları, İstanbul, 2005.
10. Yusuf Sarınoy, *Türk Milliyetçiliğinin Tarihi Kökenleri ve Türk Ocakları*, Ötüken Yayınları, İstanbul.

М.Ш. Эгамбердиев

XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІСТАНДАҒЫ ЖӘДИД МЕКТЕПТЕРІ